

№8 Дәріс Пемза, вулкан шлактары.

Дәріс жоспары:

- 1.Пемза, вулкан шлактарының пайда болуы
2. Пемза, вулкан шлактарының қолданылуы.

Пемза жанартаулық жынысқа жатады . Жанар таулық жыныстар деп – қысымдылықпен бөлшектенген қалпында аспанға атылған жанартау лавасын – бос массаны айтады. Түйіршіктерінің ірілігіне байланысты оларды ж.таулық күлдер (түйіршік диаметрі 1 мм дейін) , құмдар (т. Диам – 5мм дейін) және пемзалар деп атайды.

Пемза - өте жеңіл кеуекті жыныс. Табиғатта пемза ірілігі 5 – 30 мм кеуекті түйіршіктерінен тұратын материал қалпында жатады. Кеуектерінің ірі және жабық болатындығынан пемза, әдетте суды онша сіңірмейді, сондықтан, аязға төзімді. Пемзаның кеуектілігіне (80 дейін) сай оның жылу өткізгіштік коэффициенті - 0,14 - 0,23 Вт (м* К) , орташа тығыздығы - 500-600 кг/ м³ , қысқандағы мықтылық шегі - 2- 4 МПа.

Құрылыста пемзаны жылытосқауылдағыш (жылу қоршаушы) материал ретінде , жеңіл бетондар үшін толтырушылар алуға , құрылыс әгіне және цементке минералдық активті қоспа ретінде пайдаланады.

Бақылау сұрақтары:

1. Пемза, вулкан шлактарының толтырғыш ретінде қандай қасиеттерін білесіз?
2. Пемза, вулкан шлактарын өңдеуде қандай техникалық талаптар қойылған?